

Қарасу ауданы әкімінің 2021 жылғы 13 тамыздағы № 2 "Қарасу ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 2025 жылғы 6 наурыздағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 11 наурызда № 10399-10 болып тіркелді. Күші жойылды – Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 2026 жылғы 11 маусымдағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 11.06.2026 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарасу ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарасу ауданы әкімінің "Қарасу ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2021 жылғы 13 тамыздағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24055 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2, 5-тармақтары алып тасталсын;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. № 498 сайлау учаскесі, Симферополь ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Қарасу ауданы, Симферополь ауылы, Центральная көшесі, 7, "Люблинка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимараты.";

26, 27-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"26. № 509 сайлау учаскесі, Панфилов ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Қарасу ауданы, Панфилов ауылы, Ленин көшесі, 9 үй, 1 пәтер, жеке үй.

27. № 511 сайлау учаскесі, Теректі ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Қарасу ауданы, Теректі ауылы, Набережная көшесі, 2 үй, 1 пәтер, жеке үй.";

35-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"35. № 520 сайлау учаскесі, Қарасу ауылының шекараларында: Исакова А, Рамазанов, Саңдыбекова, Больничная, Набережная көшелері, Школьный, Детский, Майский, Торговый, Маслозаводской тұйық көшелері кіреді.

Учаскенің орналасқан жері: Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, Маслозаводской тұйық көшесі, 2, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарасу

ауданының білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.";

37-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"37. № 523 сайлау учаскесі, Восток, Жұмағұл, Майское, Тімтуір ауылдарының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Қарасу ауданы, Восток ауылы, Гагарин көшесі, 6А, "Караман-К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мәдениет-дене шынықтыру орталығының ғимараты."

2. "Қарасу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

К. Оспанов

Келісілді

Қарасу аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы